

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ – АҒАRTУ МИНИСТРЛІГІ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ



AADK

АЛМАТЫ АВТОМОБИЛЬ-ЖОЛ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»

ААДК атқарушы директоры

Т. Ақматаева Әлімтайқызы П.

« 29 » 08 2024 ж.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА

ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы, 2024

Электрондық кітапханадағы толық мәтінді құжаттар туралы библиографиялық ақпарат колледж кітапханасының электрондық каталогына енгізіледі.

Электрондық ресурстарды сақтау

Электрондық кітапхана ресурстары кітапхананың серверінде, сондай-ақ медиатекадағы CD және DVD дискілерінде сақталады.

Желі әкімшісі электрондық құжаттар мен басылымдарды резервтік көшіруді, рұқсатсыз көшіруден және компьютерлік вирустардан қорғауды жүзеге асырады.

Электрондық ресурстарға қол жеткізу тәсілдері

- Барлық студенттер мен оқытушылар колледждің жергілікті желісі арқылы жұмыс күндері қол жеткізе алады.
- Колледждің кез келген жеріндегі желіге қосылған құрылғылардан, соның ішінде электрондық оқу залынан қолжетімді.
- Тіркелген пайдаланушылар үшін үй компьютерлерінен қашықтан қол жеткізу мүмкіндігі бар.
- Интернет желісі арқылы қорғалған пароль жүйесі арқылы қашықтан кіруге болады, бұл ресурстарға тек колледж студенттері мен оқытушылары қол жеткізе алады.

Авторлық құқық және сабақтас құқықтар

Электрондық кітапхананың барлық басылымдары мен құжаттары авторлық және сабақтас құқықтар нысаны болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және халықаралық конвенциялармен қорғалады.

Электрондық кітапхана жұмысын ұйымдастыру, жауапкершілік және басқару

Электрондық кітапхананы басқаруды кітапхана меңгерушісі жүзеге асырады, ол оқу ісі жөніндегі директор орынбасарына бағынады.

Электрондық кітапхана мен колледж кітапханасы арасындағы жұмыс үйлесімділігін әдістемелік қызмет қамтамасыз етеді.

Электрондық кітапхананың бағдарламалық қамтамасыз етілуін «Ақпараттық технологиялар» бөлімі ұйымдастырады. Сондай-ақ, олар келесі қызметтерді атқарады:

- Ақпаратты жинақтау және орналастыру;

Электрондық кітапхананың жалпы ережелері

Электрондық кітапхана – бұл электрондық құжаттар жинағын қалыптастыруға, оларды сенімді сақтауға және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе.

Электрондық кітапхана колледж кітапханасының бір бөлігі болып табылады.

Электрондық кітапхананың құрамы:

- Кітапхананың электрондық каталогы;
- Кітапхананың электрондық ресурстары;
- Медиаорталықтың электрондық ресурстары;
- Ақпараттық-іздеу жүйелерінің электрондық ресурстары;
- Интернет желісіндегі білім беру порталдарының электрондық ресурстары.

Электрондық кітапхана колледж студенттері мен оқытушыларына жедел ақпараттық қызмет көрсетуге бағытталған. Ол колледждің жергілікті желісі және интернет арқылы қолжетімді.

Электрондық кітапхананы жинақтау тәртібі

Электрондық кітапхананың қорын толықтыру негізгі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

- Баспа нұсқасы жоқ өзіндік электрондық оқу құралдарын жасау;
- Колледж оқытушылары мен басқа авторлардың электрондық материалдарын жинау (оқу құралдары, дәрістер, әдістемелік нұсқаулықтар, мақалалар және т.б.);
- Электрондық оқулықтар мен құжаттарды негізгі және қосымша көздерден сатып алу (CD және DVD дискілері);
- Колледждің редакциялық-баспа бөлімі шығарған баспа өнімдерінің электрондық нұсқасын алу;
- Құжаттарды сканерлеу, интернет желісі арқылы толық мәтінді құжаттарды жүктеу;
- Сыртқы көздерден келісімшарт негізінде электрондық құжаттар алу (мысалы, «РМЭБ» АҚ).

Электрондық кітапханаға орналастырылатын материалдар оқытушылар тарапынан «Ақпараттық технологиялар» бөліміне ұсынылады.

-
- Ақпараттық материалдарды сканерлеу (цифрландыру);
 - Материалдарды форматтау;
 - Электрондық кітапхананың ақпараттық-техникалық жағдайын күнделікті бақылау.

Колледждің электрондық кітапханасын құру – кітапхана қызметкерлерінің, оқу-әдістемелік бөлім мен «Ақпараттық технологиялар» бөлімінің бірлескен еңбегі.

Кітапхана меңгерушісі *Бейсе* Бейсенбаева Р.А.